

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің 60 жылдығына арналған «Сейфуллин оқулары– 13: дәстүрлерді сақтай отырып, болашақты құру» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары = Материалы Республиканской научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 13: сохраняя традиции, создавая будущее», посвященная 60-летию Казахского агротехнического университета имени С.Сейфуллина. - 2017. - Т.1, Ч.4. - Б.341-343

ОТАРЛЫ МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ДАМЫҒАН АЙМАҚТАРДА ІШКІШАРУАШЫЛЫҚ ТЕРРИТОРИЯНЫ РЕТТЕСТІРУ МӘСЕЛЕСІ

Жауғаштин Н.

Шөл және шөлейт аймақтарында орналасқан агроқұрылымдардың ішкі территориясын ұйымдастырудың басты мақсаты - ауылшаруашылық кәсіпорындарының тиімді территориялық реттілігін қалыптастыру және жайылымдарды тиімді пайдалануға қолайлы жағдай жасау болып табылады.

Оның негізгі міндеттеріне ауылшаруашылық айналымындағы әрбір жер учаскесін толық, ұтымды, тиімді пайдалануды қамтамасыз ететін территорияны ұйымдастыру формасын құру, оларды табиғаттың қолайсыз құбылыстары мен антропогенді әсерлерден қорғау, сонымен қатар уақыт пен ресурсты үнемдеу мақсатымен техниканы және түрлі агрегаттарды өнімді пайдалану және еңбекті ғылыми ұйымдастыру үшін қолайлы кеңістік жағдай жасау жатады [1].

Шаруашылықтардың ішкі территориясын тиімді ұйымдастыру үрдісінде көрсетілген негізгі міндеттерден туындайтын бір қатар жеке маңызды мәселелер пайда болады.

Осы осы мәселелерді дұрыс шешу отарлы мал шаруашылығы дамыған аймақтардабір қатар ерекшеліктерге ие. Бұнда негізінен табиғи мал азығы алаптардың, бірінші кезекте маусымдық жайылымдардың, пайдаланылуы жан-жақты және нақты түрде қарастырылады.

ҚР-да табиғи мал азығы алаптары 182 млн.га жуық территорияны алып жатыр. Соңғы жылдары жүргізілген зерттеулердің нәтижелеріне қарағанда, ауыл шаруашылығының 55-60% дейінгі мал азығы қажеттілігі табиғи мал азығы алаптары есебінен қанағаттандырылады екен. Аридтік аймақтарда жайылым 130 млн.га шамасында, демек барлық мал азығы алаптарының үштен екі бөлігін алып жатыр. Қарастырылып отырған аймақтарда жайылымдардың түсімділігі орташа алғанда 1,5-4 ц/га аспайды. Бұнда негізінен қой, жылқы және түйені жыл бойы ұстауға болады [2].

Отарлы мал шаруашылығы аймақтарында маусымдық жайылымдардың территориясын реттестіру ішкішаруашылық жерге орналастырудың негізгі мазмұнын құрайды. Жалпы алғанда, жобаның ажырамас бөлігі ретінде, ол республиканың басқа аймақтарындағы жобаларға ұқсасты әдістемелік реттілікте жүзеге асырылады. Дегенмен, табиғи жағдайларының және мал азықтық алаптарды пайдалану технологиясының ерекшеліктеріне байланысты, мал азықтық алаптар территориясын реттестірудің бірқатар маңызды өзгешелігі бар. Осымен бірге жаздық және қыстық

жайылымдардың территориясын ұйымдастыру жөніндегі жобалық міндеттер, өз кезегінде, әр түрлі реттілікте орындалады.

Табиғи жағдайлардың ерекшеліктеріне, мал азығы алаптарының пайдалану технологиясына, территорияның бедеріне, гидромелиоративтік режимінің өзгешелігіне және спецификалық экологиялық талаптарға байланысты бұл жайылымдардың құрамының өзіне тән үйлесімі болады және соңғылары жерге орналастырулық мәселелерді белгілі бір тәсілмен жүзеге асыруды қажет етеді [3].

Қарастырылып отырған аймақтарда жобалық міндеттерді орындау барысында, әлі де толық зерттелмеген аса маңызды әдістемелік проблема болып - жайылымдардың азықтылығын анықтай отырып, осының негізінде оларды мал топтарына бекіту мәселесі табылады, өйткені жайылымдардың толық пайдаланылуы немесе пайдаланылмай қалуы, ал кей жағдайларда тапталып өнімділігінің күрт төмендеуі осы мәселенің дұрыс шешілуіне тікелей байланысты. Жайылымдық азық қоры геоботаникалық зерттеулер материалдарын мұқият ескеру негізінде анықталады. Нәтижесінде жайылымдық алқаптардың типологиялық құрамы, олардың қазіргі культуртехникалық жай-күйі және шығымдылығы айқындалады. Анықталған мәліметтер пайдаланыла және әр түрлі типті жайылымдардың ауданы ескеріле отырып, жайылымдық азық қорының көлемі есептелінуге және малдың жоспарланған өнімділігі мен азықтандыру нормасы назарға алына отырып, жайылым алқаптарының мал сыйымдылығы анықталуға тиісті.

Осы проблеманың аса маңызды жағы ішкі шаруашылық жерге орналастыру әдістемесін жетілдіру болып табылады. Бұнда, алдымен, олардың өсімдік жамылғысының ерекшеліктерін, малды жайылым учаскелері мен суаттарға айдау қашықтықтарын барынша қысқарту талабын, малдың биологиялық ерекшеліктерін және зооветеринарлық талаптарды орындау қажеттілігін ескере отырып орындау қажет. Қарастырылатын талаптар, жалпы алғанда, жүйелі түрде жүзеге асырылады [4].

Алайда, жобалық міндетті жүзеге асыру мәселесінің аса маңызды құрамдас бөлігі болып табылатын, - маусымдық жайылымдарды мал топтарына бекіту, су көздерінің орналасуын қолайлыландыру және жайылымдарды азық сыйымдылығына қарай мал топтарына тұрақты үлестіру шаруашылықтардың ішкі территорияларын ұйымдастыру шеңберінде жүйелі түрде зерттеуді қажет етеді. Осыған себепті шөл және шөлейт аймақтарындағы шаруашылықтардың ішкі территориясын реттестіру әдістемесін жетілдіру аса маңызды проблема Осы проблеманы шешу барысында бір қатар міндеттер орындау қажет. Солардың арасында ҚР-нің маусымдық жайылымдарының қазіргі күйін, пайдалану проблемаларын зерттеп талдау; отарлы мал шаруашылығы дамыған аймақтарындағы қой шаруашылығының эксперименталдық ішкі шаруашылық жерге орналастыру жобасын жасау; осы аймақтағы ішкі территорияны реттестіру әдістемесін жетілдіру жөніндегі ұсыныстар әзірлеу. Зерттеу негізіне теориялық және әдістемелік негізі ретінде республика ғалымдарының шөл және шөлейт аймақтарындағы ішкі шаруашылық жерге орналастыруды жүргізу

жөніндегі зерттеулері алынуға тиісті. Сонымен қатар зерттеудің ақпараттық базасы ретінде Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтары, Жер ресурстарын басқару жөніндегі комитеттің, Ауыл шаруашылығы министрлігінің материалдар жинақтары қолданылды.

Зерттеулерді жүргізу барысында келесідей ғылыми жаңашылдығы бар нәтижелер алынуға тиісті: диссертация тақырыбына қатысты зерттеулердің нәтижелері сынға тартылып жүйеленуі; шөл және шөлейтаймақтарындағы жайылымдардың қазіргі күйінің талдануы, пайдалану ерекшеліктері мен проблемаларының анықталуы; аридтікаймағындағы ішкішаруашылық жерге орналастыру әдістемесін жетілдіру жөнінде ұсыныстардың жасалуы.

Зерттеу нәтижелері шөл және шөлейтаймақтарында орналасқан шаруашылықтарда жүргізілетін ішкішаруашылық жерге орналастыру барысында қолданылуы мүмкін.

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Жер кодексі // Астана, 2003ж.
2. Қазақстан Республикасының 2016 жылғы жер жағдайы және оның пайдалану туралы жиынтық талдамалы есебі // Астана, 2017.
3. Қырықбаев Ж. Қ., Ахметов Е.С., Жұпархан Б. Қазіргі жерге орналастыру-дың және кадастрдың теориясы мен тәжірибесі. Оқу құралы // Алматы, «Эверо», 2014, 96б.
4. Қырықбаев Ж. Қ., Оспанова А.А. Отарлы мал шаруашылығы аймағындағы жерге орналастыру, Оқу құралы // Алматы, «Эверо», 2017, 80б.
5. KervenCarol.,Robinson S.,Behnke, R., KushenovK.,Milner-GullandEJ., «A pastoral frontier: From chaos to capitalism and the re-colonisation of the Kazakh rangelands» Jurnal of arid environments t127-2016y,p106-119.